

Мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді жария ету немесе жоғалту салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның, сондай-ақ мәліметтер көздерінің иесіне оларды құпияландыру салдарынан келтірілетін зиянның мөлшерін айқындау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 шілдедегі N 701 қаулысы.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.10.2025 № 861 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 10) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.10.2025 № 861 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді жария ету немесе жоғалту салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның, сондай-ақ мәліметтер көздерінің иесіне оларды құпияландыру салдарынан келтірілетін зиянның мөлшерін айқындау қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.10.2025 № 861 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Басшыларына Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерге билік етуге өкілеттік берілген мемлекеттік органдар 2005 жылға дейінгі мерзімде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария ету немесе жоғалту салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның, сондай-ақ мәліметтер көздерінің иесіне оларды құпияландыру нәтижесінде келтірілетін зиянның мөлшерін анықтау әдістемесін әзірлесін және белгіленген тәртіппен бекітсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

Мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді жария ету немесе жоғалту салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның, сондай-ақ мәліметтер көздерінің иесіне оларды құпияландыру салдарынан келтірілетін зиянның мөлшерін айқындау қағидалары

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.10.2025 № 861 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді жария ету немесе жоғалту салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның, сондай-ақ мәліметтер көздерінің иесіне оларды құпияландыру салдарынан келтірілетін зиянның мөлшерін айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 10) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді жария ету немесе жоғалту салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның, сондай-ақ мәліметтер көздерінің иесіне оларды құпияландыру салдарынан келтірілетін зиянның мөлшерін айқындау (бұдан әрі – зиянның мөлшерін айқындау) тәртібін белгілейді.

3. Зиянның мөлшерін айқындауды мемлекеттік органның немесе ұйымның мемлекеттік құпияларды қорғау жөнінде тұрақты жұмыс істейтін комиссиясы (бұдан әрі – ТЖК) басшысына Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялары болып табылатын мәліметтерге билік ету жөнінде өкілеттік берілген мемлекеттік орган әзірлейтін зиянның мөлшерін айқындау әдістемесі бойынша жүргізеді. Зиянның мөлшерін айқындау әдістемелерін мемлекеттік органдар өздерінің қызмет ерекшеліктерін ескере отырып әзірлейді.

Ұйымда ТЖК болмаған жағдайда зиянның мөлшерін айқындауды мәліметтер жоғалған немесе жария етілген ұйым басшысының бұйрығымен құрылатын сараптау комиссиясы (бұдан әрі – сараптау комиссиясы) жүргізеді.

4. Сараптау комиссиясы ұйымның құзыретті мамандары қатарынан құрылады, оның құрамына мемлекеттік құпияларды қорғау бөлімшесінің қызметкері қосылады.

ТЖК-ның немесе сараптау комиссиясының отырыстарына басшысына Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялары болып табылатын мәліметтерге билік ету жөнінде өкілеттік берілген мемлекеттік органның өкілін тартуға жол беріледі.

ТЖК немесе зиянның мөлшерін айқындау жөніндегі сараптау комиссиясының отырыстарына Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының осы мемлекеттік органның немесе ұйымның қызмет бағыттары бойынша арнайы танымдары бар өкілдерін, сондай-ақ құпия жұмыстарға тапсырыс берушілерді тартуға жол беріледі.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ТЖК немесе сараптау комиссиясы мүшелерінің, соның ішінде отырыстарға тартылатын мамандардың мемлекеттік құпияларға тиісті нысандағы рұқсаты болуға тиіс.

6. Мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерді жария ету немесе жоғалту салдарынан зиян келтірілген немесе келтірілуі мүмкін Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделері "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы", "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалады.

7. Мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерді жария ету немесе жоғалту фактісі заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру материалдарымен расталуға тиіс.

Мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерді жария ету немесе жоғалту фактісі бойынша қызметтік тергеп-тексеру жүргізу барысында не басқа мемлекеттік органдардан немесе ұйымдардан осындай хабарлама келіп түскен кезде, сонымен қатар сот немесе қылмыстық қудалау органдарының қаулысы (тапсырмасы) бойынша мемлекеттік органның немесе ұйымның басшысы мәліметтерді жоғалтудан немесе жария етуден болған зиянның мөлшерін айқындауды ТЖК-ға немесе сараптау комиссиясына тапсырады.

ТЖК немесе сараптау комиссиясын өткізу мерзімі отыз тәуліктен аспауға тиіс.

8. Құндық тұрғыдан зиянның мөлшерін айқындау кезінде мынадай көрсеткіштер ескеріледі:

- 1) өндірілмей қалған өнімнің құны;
- 2) тікелей материалдық зиян;
- 3) келтірілген зиянның салдарларын жоюға кеткен шығындар;
- 4) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (бұдан әрі – ҒЗТҚЖ) құны;
- 5) ҒЗТҚЖ нәтижелерін енгізбеудің кері әсері;
- 6) өндірістік технологиялар құны және оларды ел экономикасының салаларында қолданған жағдайдағы экономикалық нәтиже;
- 7) сыртқы нарықта Қазақстан Республикасының бұйымдарын сатқандағы ықтимал баға мен көлем;
- 8) Қазақстан Республикасының орындалмаған мемлекеттік міндеттерін өтеу үшін тауарлар, өнім мен шикізат бағаларының көтерілуіне және (немесе) сатып алу көлемінің артуына байланысты қосымша шығындар;

9) тауарларды, өнімді және өндірістік жабдықтарды шетелден сатып алу мүмкін болмаған жағдайда олардың өндірісін ұйымдастыруға кететін шығындар;

10) шет мемлекеттермен ғылыми-техникалық ынтымақтастық тоқтатылған жағдайда ҒЗТКЖ-ға кететін шығындар;

11) ықтимал зиянды сипаттайтын өзге де көрсеткіштер;

12) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының арнайы танымдары бар өкілдерін тарту кезіндегі зиянның мөлшерін айқындауға байланысты шығындардың құны.

9. Зиянның мөлшері айқындалғанға дейін мемлекеттік құпия болып табылатын жария етілген немесе жоғалған мәліметтердің құпиялылық дәрежесі белгіленеді.

Егер соттың немесе қылмыстық қудалау органдарының қаулысында (тапсырмасында) өзгеше көрсетілмесе, құндық тұрғыдан зиянның мөлшерін айқындау материалдар мемлекеттік органға және ұйымға ТЖК немесе сараптау комиссиясының қарауына келіп түскен сәтте белгіленген жұмыстардың (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) құнын есептеу үшін қажет бағаларда және айлық есептік көрсеткіште жүргізіледі.

10. Зиянның мөлшерін айқындау әдістемесі болмаған немесе зиянның нақты мөлшерін айқындау мүмкін болмаған жағдайда зиян мөлшері мынадай көрсеткіштерге сүйене отырып айқындалады:

1) "Аса маңызды" деген құпиялылық белгісі бар мәліметтер жоғалған немесе жария етілген жағдайда – 20000 айлық есептік көрсеткіштен жоғары;

2) "Өте құпия" деген құпиялылық белгісі бар мәліметтер жоғалған немесе жария етілген жағдайда – 1000-нан 20000 айлық есептік көрсеткішке дейін;

3) "Құпия" деген құпиялылық белгісі бар мәліметтер жоғалған немесе жария етілген жағдайда – 100-ден 1000 айлық есептік көрсеткішке дейін.

Бір данада дайындалған немесе болған құпия құжаттар жоғалған жағдайда зиян мөлшерінің ең төменгі көрсеткіштері қолданылады ("Құпия" – 100 айлық есептік көрсеткіш, "Өте құпия" – 1000 айлық есептік көрсеткіш, "Аса маңызды" – 20000 айлық есептік көрсеткіш).

11. ТЖК-ның немесе зиянның мөлшерін айқындау жөніндегі сараптау комиссиясы жұмысының нәтижелері қорытындымен ресімделеді, онда мыналар көрсетіледі:

қорытындының шығарылған жері және уақыты;

комиссия құрамы;

зиянның мөлшерін айқындауға негіз;

жоғалған немесе жария етілген мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтердің мазмұны және құпиялылық дәрежесі;

зиянның мөлшерін айқындау кезінде ескерілген көрсеткіштер (оның ішінде құндық тұрғыдан да);

келтірілген (келтірілуі мүмкін) зиянның түпкі мөлшері;

зиянның мөлшерін айқындауға қатысы бар өзге де мәселелер.

Егер ТЖК жария етілген немесе жоғалған мәліметтерде, сондай-ақ олардың жеткізгіштерінде мемлекеттік құпиялардың жоқтығы туралы қорытынды шығарса, онда зиянның мөлшері көрсетілмейді.

Қорытындыға ТЖК-ның немесе сараптау комиссиясының төрағасы, ол болмаған кезде төрағасының орынбасары, мүшелері мен хатшысы қол қояды және комиссияны құрған мемлекеттік органның немесе ұйымның басшысы немесе ол өкілеттік берген адам бекітеді.

Егер мемлекеттік органның немесе ұйымның басшысына Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялары болып табылатын мәліметтерге билік ету жөнінде тиісті өкілеттік берілмесе, қорытынды қол қояр алдында басшыларына тиісті өкілеттік берілген мемлекеттік органдармен келісіледі.

12. Мемлекеттік орган немесе ұйым басшысы ТЖК-ның немесе сараптау комиссиясының зиян мөлшері туралы қорытындысын қызметтік тергеп-тексеру материалдарының көшірмелерімен қоса тиісті шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына жолдайды.

Қорытындының бір данасы, сондай-ақ қызметтік тергеп-тексеру материалдары ұйымның мемлекеттік құпияларды қорғау бөлімшесінде сақталады.

Егер материалдар зиянның мөлшерін айқындау үшін сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде келіп түссе, онда оның нәтижелері оны тағайындаған органға жолданады.

13. Мәліметтер көздерінің иелеріне оларды құпияландыру нәтижесінде келтірілетін зиянның мөлшері 7 және 12-тармақтарының ережелерін қоспағанда, осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен айқындалады.

14. Мәліметтер көздерінің иесі өзіне мәліметтерді құпияландыру нәтижесінде келтірілетін зиянның мөлшерін айқындау туралы мәселені қараған кезде ТЖК-ның немесе сараптау комиссиясының отырыстарына қатысуға құқылы.

Мәліметтер көздерінің иесі ТЖК-ның немесе сараптау комиссиясының қарауына зиян мөлшеріне өз есеп-қисаптарын не тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып алынған есеп-қисаптарды беруге және ТЖК-ның немесе сараптау комиссиясының материалдарымен және қорытындысымен қол қоя отырып танысуға құқылы.